

Халықаралық туризм және меймандостық университеті
Туризм мектебі

«Ғылымды коммерцияландыру жобаларын дайындау. Туризм саласында сауалнама жасау және оны SPSS бағдарламасында талдау әдістері» тақырыбында өткізілген ғылыми семинардың

ЕСЕБІ

Ғылыми семинардың атауы: «Ғылымды коммерцияландыру жобаларын дайындау. Туризм саласында сауалнама жасау және оны SPSS бағдарламасында талдау әдістері»

Ғылыми семинардың мақсаты: ғылымды коммерцияландыру жобаларын жүзеге асыру мақсатында конкурстарға қатысудың егжей-тегжейлерімен және туризм саласында зерттеулер жүргізуде сауалнама жасауда SPSS бағдарламасын қолданудың толық аспектілерімен таныстыру.

Ғылыми семинардың міндеттері:

- Ғылымды коммерцияландыру жобаларын дайындаудың аспектілерімен таныстыру;

- Ғылымды коммерцияландыру жобаларына өтінім берудің аспектілерін, қабылданбау себептерін, басымдық берілген секторларды көрсету;

- Туризм саласында сауалнама жасаудың әдіс-тәсілдерін көрсетіп, SPSS бағдарламасына енгізудің бүкіл ерекшеліктерімен таныстыру.

Ғылыми семинардың спикерлері: PhD Нахипбекова С.А., PhD Абишов Н.О.

20.12.2023 ж. Оқу корпусы 109 аудиторияда Туризм мектебінің және Жас ғалымдар кеңесінің ұйымдастыруымен ««Ғылымды коммерцияландыру жобаларын дайындау. Туризм саласында сауалнама жасау және оны SPSS бағдарламасында талдау әдістері» тақырыбында ғылыми семинар болып өтті. Семинар барысында Туризм мектебінің ғылыми жұмыстарына жауапты Альмухамбетова Ботагөз Женисовна сөз сөйлеп, қазіргі таңда ғылыми салада ерекше маңызға ие болып отырған коммерцияландыру жобаларын дайындау мен туризм саласында сауалнама жасап, оны SPSS бағдарламасында талдаудың өзекті мәселелеріне байланысты өткізілгелі отырған ғылыми семинардың қатысушыларымен сәлемдесіп, семинар спикерлеріне сөз берді.

Семинарды Туризм мектебінің PhD оқытушысы Абишов Н.О. «Ғылымды коммерцияландыру жобаларын дайындау» тақырыбындағы баяндамасымен бастады. Өз сөзінде қазіргі таңдағы ғылыми жобаларды дайындаудың ғылымды коммерцияландыру процесіндегі айтарлықтай маңыздылығын атап өтті. Сонымен қатар, ғылымды коммерцияландыру жобаларын дайындау арқылы «Ғылым қоры» конкурстарына гранттық қаржыландыру мүддесінде қатысудың маңыздылығын, елдегі бастамашыл, тәуекелдік ғылыми зерттеулердің практикалық тұрғыда іске асуына аталмыш қордың әсерін тілге тиек ете отырып, семинар қатысушыларын ғылыми зерттеулер процестерін реттеп отыратын «Ғылыми зерттеулерді коммерцияландыру» туралы ҚР Заңымен және «Патенттеу» туралы ҚР Заңымен таныстырды. Ғылымды коммерцияландырудың негізгі

қатысушыларына ғылыми-техникалық қызметтің субъектілері, жеке кәсіпкерлік субъектілері, стартап компаниялар, ғылымды коммерцияландыру орталықтары, сервистік компаниялар мен технологиялық парктер, коммерцияландыру жұмыстарына инвестиция құятын тұлғалар кіретінін атап өтті. Сондай-ақ, ғылыми жоба конкурстарына өтінімдер статистикасымен семинар қатысушыларын таныстыра отырып, конкурс өтінімдерінің қабылданбауының негізгі себептерін, гранттық қаржыландыру шығындарын және жобаның жүзеге асу нәтижелерінің сипатын, ғылымдағы гранттық қаржыландыруда басымдық берілген 44 секторды атады. Баяндамадан соң семинар қатысушылары тақырып төңірегінде өздерін толғандырған сұрақтарын қойып, жауап алды.

Семинар барысында Туризм мектебінің PhD оқытушысы Нахипбекова С.А. «Туризм саласында сауалнама жасау және оны SPSS бағдарламасында талдау әдістері» тақырыбындағы баяндамасымен сөз жалғады. Өз баяндамасында Сымбат Абдраимовна туризм саласында сауалнама жасаудың және оның ғылыми зерттеу жүргізудегі рөлі, SPSS бағдарламасының шығу тарихы және аталмыш бағдарламаны туризм саласындағы зерттеулерді жүргізудегі рөлі туралы баяндады. Сонымен қатар, туризм саласында зерттеулер жүргізуде және сауалнама жасауда Ликерт шкаласының көп қолданылатынын айтып, шкаланың маңыздылығын туризм саласы кәсіпорындарында қызметкерлердің өз жұмыстарына қанағаттанушылық деңгейін анықтауда қолдану мысалында айрықша түсіндіріп өтті. Сондай-ақ, мысал түрінде алынған мәліметтерді SPSS бағдарламасына енгізіп, талдау жасау алгоритмдерін атап көрсетті және сауалнама жасауда қолданылатын бірнеше платформалар мен қосымшалармен таныстырды.

Семинар соңында қатысушылар баяндамашыларға тақырып бойынша сұрақтарын қойып, еркін ой-пікір алмасу болып өтті. Альмухамбетова Б.Ж. семинар қатысушыларына келгендері үшін алғыс айтып, семинарды қорытындылады.



Сурет-1. Туризм мектебінің PhD оқытушысы Абишов Н.О. коммерцияландыру жобалары туралы баяндама жасау сәтінен



Сурет-2. Семинар қатысушылары



Сурет-3. Туризм мектебінің PhD оқытушысы С.А.Нахипбекованың баяндама жасау сәті



Сурет-4.



Сурет-5.